

**Астана қаласы әкімдігінің «Қалалық мониторинг және  
жедел әрекет ету орталығы» ШЖҚ МКК сыбайлас жемқорлық  
тәуекелдерін ішкі талдау нәтижелері бойынша  
ТАЛДАМАЛЫҚ АНЫҚТАМА**

Астана

2025 жылғы 16 маусым

«Сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл туралы» Қазақстан Республикасы Заңының 8-бабы 5-тармағына, «Сыбайлас жемқорлық тәуекелдеріне ішкі талдау жүргізудің үлгілік қағидаларын бекіту туралы» ҚР Мемлекеттік қызмет істері және сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл агенттігі төрағасының 2016 жылғы 19 қазандағы №12 бұйрығына сәйкес және Астана қаласы әкімдігінің «Қалалық мониторинг және жедел әрекет ету орталығы» ШЖҚ МКК басшысының 2025 жылғы 21 сәуірдегі №12-02-18/87 бұйрығының негізінде Жұмыс тобы сыбайлас жемқорлық тәуекелдеріне ішкі талдау жүргізді.

Сыбайлас жемқорлық тәуекелдеріне ішкі талдау Қазақстан Республикасы Сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл агенттігі (Сыбайлас жемқорлыққа қарсы қызмет) төрағасының 2022 жылғы 30 желтоқсандағы № 488 бұйрығымен бекітілген Сыбайлас жемқорлық тәуекелдеріне ішкі талдау жүргізу жөніндегі әдістемелік ұсынымдарға сәйкес жүргізілді.

**Қызметі сыбайлас жемқорлық тәуекелдеріне ішкі талдауға жататын ұйымның атауы** – Астана қаласы әкімдігінің «Қалалық мониторинг және жедел ден қою орталығы» шаруашылық жүргізу құқығындағы мемлекеттік коммуналдық кәсіпорны (*бұдан әрі - Кәсіпорын*).

Кәсіпорын мемлекеттік кәсіпорынның ұйымдық-құқықтық нысанында құрылған заңды тұлға мәртебесіне ие коммерциялық ұйым.

Кәсіпорынның құрылтайшысы Астана қаласының әкімдігі.

Жарғыға сәйкес Кәсіпорын қызметінің мәні:

- әкімдіктің атқарушы органдарымен және олардың ведомстволық бағынысты ұйымдарымен, орталық атқарушы органдардың аумақтық органдарымен, Астана қаласының коммуналдық және шұғыл қызметтерімен және өзге де ұйымдармен, қаланың тіршілігін қамтамасыз ету саласында қызмет көрсететін заңды тұлғалармен өзара іс-қимыл жасау;

- құқық қорғау органдарының, соттардың, адвокаттардың, сондай-ақ ҚР заңнамасымен уәкілеттік берілген заңды тұлғалардың сұрау салулары бойынша бейнебақылау камераларынан алынған бейнематериалдарды беру;

- елорда азаматтарының өтініштерінің қорытындысы бойынша ақпаратты жинау, өңдеу және талдау, қаланың жүйелі және резонанстық проблемаларын анықтау, Астана қаласының атқарушы органдары өткізетін іс-шараларға ақпараттық, ақпараттық-анықтамалық және ақпараттық-талдау материалдарын дайындау;



- Астана қаласының жедел шұғыл қызметтерімен өзара іс-қимыл жасау, төтенше жағдайлар аймағындағы жағдай және оны жою жөніндегі жұмыстарды жүргізу барысы туралы ақпарат жинау, талдау және алмасу, оның ішінде кезекші-диспетчерлік станциялардың бірлескен іс-қимылдары бойынша ақпарат пен ұсынымдарды елорданы басқаратын тиісті органдарға жеткізу.

Кәсіпорын қызметінің мақсаты – халықты, материалдық және мәдени құндылықтарды азаматтық қорғауды қамтамасыз ету.

Қойылған мақсатты іске асыру үшін Кәсіпорын келесі қызмет түрлерін жүзеге асырады:

1) коммуналдық тұрғын үй шаруашылығын энергиямен, сумен, газбен және жылумен жабдықтау және Астана қаласының инфрақұрылымын тіршілікпен қамтамасыз етудің басқа да жүйелері саласындағы шаруашылық қызмет;

2) тұрғындардан, тұрғын үй-коммуналдық қызметтерді тұтынушылардан өмірді қамтамасыз ету мәселелері бойынша ақпараттық жүйеде қоңырауларды қабылдау, тіркеу және өңдеу, өтініштерді тіркеу;

3) Төтенше жағдайлар кезінде азаматтарды хабардар ету;

4) бейнебақылау камераларының жүйесі, оның ішінде сақтау және мұрағаттау арқылы Астана қаласындағы тіршілікті қамтамасыз ету, қауіпсіздік және жол-көлік жағдайын мониторингтеу.

Кәсіпорынның Жарғыда бекітілген қызметінің мәні мен мақсатына сәйкес келмейтін, қызметті, сондай-ақ мәмілелерді жүзеге асыруға құқығы жоқ.

Жұмыс тобы сыбайлас жемқорлық тәуекелдеріне ішкі талдауды 2025 жылғы 231 сәуірде бекітілген № 12-02-18/87 бұйрыққа сәйкес келесі құрамда жүргізді:

– Асылбек Ардақұлы Темешбеков – Кәсіпорын басшысының орынбасары;

– Бақтияр Өмірзақұлы Тлегенов – Кәсіпорынның әкімшілік-қаржы департаментінің директоры;

– Жібек Ибрагимқызы Есдаулетова – Бас бухгалтер;

– Нұржан Балқасымұлы Абуев – Кәсіпорынның комплаенс-офицері.

**Сыбайлас жемқорлық тәуекелдерін ішкі талдау объектісі қызметінің талданатын кезеңі:** 2024 жылғы 1 маусымнан бастап 2025 жылғы 31 мамырды қоса алғанда.

**Сыбайлас жемқорлық тәуекелдеріне ішкі талдау жүргізу мерзімі:** 2025 жылғы 2 мамырдан бастап 16 маусымды қоса алғанда.

**Сыбайлас жемқорлық тәуекелдеріне ішкі талдау келесі бағыттар бойынша жүргізілді:**

1. Құқықтық актілер мен ішкі құжаттар ережелерінің соқтығысуына байланысты сыбайлас жемқорлық тәуекелдерін анықтау;



2. Персоналды басқарумен байланысты сыбайлас жемқорлық тәуекелдерін анықтау;
3. Мүдделер қақтығысына байланысты сыбайлас жемқорлық тәуекелдерін анықтау;
4. Мемлекеттік қызмет көрсетумен байланысты сыбайлас жемқорлық тәуекелдерін анықтау;
5. Рұқсат беру функцияларын іске асыруға байланысты сыбайлас жемқорлық тәуекелдерін анықтау;
6. Бақылау-тексеру функцияларын іске асыруға байланысты сыбайлас жемқорлық тәуекелдерін анықтау;
7. Бюджет және қаржы қаражатын игеруге және бөлуге байланысты сыбайлас жемқорлық тәуекелдерін анықтау;
8. Салықтар мен өзге де төлемдерді жинауға байланысты сыбайлас жемқорлық тәуекелдерін анықтау;
9. Жеке және заңды тұлғалармен шарттар жасасуға байланысты сыбайлас жемқорлық тәуекелдерін анықтау;
10. Ақпараттық жүйелерді әзірлеуге және пайдалануға байланысты сыбайлас жемқорлық тәуекелдерін анықтау;
11. Ұйымдастырушылық-басқарушылық қызметтен туындайтын өзге де мәселелерді іске асыруға байланысты сыбайлас жемқорлық тәуекелдерін анықтау;
12. Сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл жөніндегі жұмысты ұйымдастыруға байланысты сыбайлас жемқорлық тәуекелдерін анықтау;
13. Кәсіпорын қызметінің ашықтығы мен жариялылығын қамтамасыз етуге байланысты сыбайлас жемқорлық тәуекелдерін анықтау.

**1-тапсырма. Құқықтық актілер мен ішкі құжаттардың ережелерін соқтығысумен байланысты сыбайлас жемқорлық тәуекелдерін анықтау.**

Кәсіпорын өзінің қызметінде Қазақстан Республикасының Конституциясын, «Мемлекеттік мүлік туралы» Қазақстан Республикасының заңын, «Мемлекеттік сатып алу туралы» Қазақстан Республикасының Заңын, Қазақстан Республикасының Президенті мен Үкіметінің актілерін, Астана қаласы әкімдігінің қаулысымен бекітілген өзге де нормативтік-құқықтық актілер мен Жарғыны, сондай-ақ Кәсіпорынның ішкі нормативтік құжаттарын (нұсқаулықтар, регламенттер, қағидалар және т.б.) басшылыққа алады.

Кәсіпорын шаруашылық жүргізу құқығындағы мемлекеттік коммуналдық кәсіпорын ұйымдық-құқықтық нысаны бар заңды тұлға.

Кәсіпорынның құрылтайшысы және оған қатысты мемлекеттік коммуналдық меншік құқығы субъектісінің функцияларын жүзеге асыратын орган жергілікті атқарушы орган – Астана қаласының әкімдігі.

Кәсіпорынның уәкілетті органы – «Астана қаласының Цифрландыру және мемлекеттік қызметтер басқармасы» мемлекеттік мекемесі.

Ішкі талдау жүргізу барысында Кәсіпорынның қызметін қозғайтын нормативтік-құқықтық актілер, сондай-ақ тексеру нәтижелері, есептер, қорытындылар және т. б. қаралды және зерделенді.



Сондай-ақ ұйымдастырушылық және қаржылық қызмет, сыбайлас жемқорлыққа қарсы заңнама нормаларын сақтау, кадрлық іс жүргізу, мемлекеттік сатып алуды жүзеге асыру және т. б. мәселелерді қозғайтын кәсіпорынның ішкі нормативтік құжаттары зерттелді.

Ішкі нормативтік құжаттарды Кәсіпорынның қызметін реттейтін құқықтық актілердің нормалары мен ережелеріне сәйкестігіне талдау нәтижелері бойынша Кәсіпорында сыбайлас жемқорлық тәуекелдерін тудыратын қарама-қайшы нормалардың жоқтығын атап өту қажет. Сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл жөніндегі шараларды күшейту мақсатында Кәсіпорынның кадрлық іс жүргізу құжаттарында (лауазымдық нұсқаулықтарда) сыбайлас жемқорлыққа қарсы заңнаманы сақтау жөніндегі нормалар бар, оған сәйкес жұмыскерлер қызмет процесі кезінде Қазақстан Республикасының әкімшілік, қылмыстық, азаматтық заңнамасы аясында жасалған құқық бұзушылықтар үшін жауапты болады. Сонымен қатар Кәсіпорынның кадр қызметі тұрақты негізде, жұмысқа қабылдау кезінде жұмыскерлердің сыбайлас жемқорлыққа қарсы заңнаманы сақтау үшін жауапкершілікті регламенттейтін міндеттемелерге (сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл жөніндегі саясатты сақтау туралы растау, корпоративтік кодексті қабылдау және сақтау туралы міндеттеме, сыбайлас жемқорлыққа қарсы шектеулерді қабылдау туралы келісім) қол қоюын көздейді.

Әкімдіктің 2020 жылғы 10 қаңтардағы № 504-22 қаулысымен «Қазақстан Республикасы астанасының мәртебесі туралы» 2007 жылғы 21 шілдедегі № 296 Қазақстан Республикасы Заңының 9-бабы 19-13) тармақшасына сәйкес Кәсіпорын функционалдық міндеттерін жүктей отырып, Астананың тіршілікті қамтамасыз ету жүйесінің қалалық операторы болып айқындалғанын атап өткен жөн.

Кәсіпорын өз қызметін мақсаты әкімдіктің Халыққа қызмет көрсету сапасын арттыруды қамтамасыз ету болатын Әкімдіктің 2024 жылғы 20 қарашадағы № 504-3571 қаулысымен бекітілген Астана қаласының тіршілікті қамтамасыз ету қызметтерін басқару регламентіне (бұдан әрі – Регламент) сәйкес жүзеге асырады. Регламент Астана қаласы халқының тіршілігін қамтамасыз ету саласындағы өтініштерді орындау тәртібін және көрсетілетін қызметтерді басқаруды айқындайды және телекоммуникация құралдары арқылы келіп түсетін өтініштерді өзара іс-қимыл жасау және жедел жою тетігіне, әкімдіктің құрылымдық бөлімшелерінің және оның ведомстволық бағынысты ұйымдарының Астана қаласы бойынша тіршілікті қамтамасыз ету қызметтерін көрсету саласындағы өтініштердің орындалуын бақылауды жүзеге асыруға бағытталған.

Елорда халқының тұрақты өсу серпінін, инженерлік және көлік инфрақұрылымын дамытуды ескере отырып, Кәсіпорын елорда халқына тіршілікті қамтамасыз ету саласында қызметтер көрсетуді жақсарту үшін өзекті тәсілдерді әзірлеу жөнінде шаралар қабылдағанын айта кету керек. Осыған байланысты Кәсіпорын жаңа Регламент әзірлеп, бекітті (Астана қаласы әкімдігінің 2024 жылғы 20 қарашадағы №504-3571 қаулысы).

Бұдан басқа ішкі нормативтік құжаттарды енгізілген өзгерістермен сәйкестендіру мақсатында ішкі нормативтік құжаттарды енгізілген



өзгерістермен сәйкестендіру мақсатында Кәсіпорынның құрылымдық бөлімшелерінің ережелері жекелеген өкілеттіктердің қайталануына жол бермей, жұмыскерлер мен басшы құрамның лауазымдық нұсқаулықтарын, сондай-ақ Кәсіпорын жұмыскерлеріне еңбекақы төлеу, ынталандыру және материалдық көмек көрсету туралы ережені өзектендірілді (2024 жылғы 10 қыркүйектегі №12-02-18/107 бұйрық, Кәсіпорын жұмыскерлерінің жалпы жиналысының 2024 жылғы 16 қазандағы хаттамасы).

Құқықтық актілер мен ішкі құжаттар ережелерінің қайшылықтарымен байланысты қандай да бір сыбайлас жемқорлық тәуекелдерін талдау нәтижесінде табылған жоқ. Бұл ретте осы бағыт бойынша жұмыс жүйелі негізде жүргізіліп жатқаны және кәсіпорынның бірінші басшысының жеке бақылауында болатыны атап өтіледі.

## **2-тапсырма. Персоналды басқарумен байланысты сыбайлас жемқорлық тәуекелдерін анықтау.**

Қазақстан Республикасы Еңбек кодексінің (бұдан әрі – Кодекс) 21-бабы 1-тармағына сәйкес еңбек қатынастары, Қазақстан Республикасының заңдарында белгіленген жағдайларды қоспағанда, Кодекске сәйкес жасалатын еңбек шарты негізінде қызметкер мен жұмыс беруші арасында туындайды.

Кадрлық іс жүргізудің барлық қызметі Қазақстан Республикасының 2015 жылғы 23 қарашадағы № 414-V ҚРЗ Еңбек кодексіне, «Әскери қызмет және әскери қызметшілердің мәртебесі туралы» Қазақстан Республикасының 2012 жылғы 16 ақпандағы № 561-IV ҚРЗ Заңына сәйкес жүзеге асырылады. Сондай-ақ кадрлық қызмет ішкі нормативтік құжаттар (ұжымдық шарт, ережелер мен лауазымдық нұсқаулықтар, бұйрықтар, ережелер, регламенттер, ережелер және т.б.) негізінде жүзеге асырылады.

Кәсіпорын жұмыскерлерінің жалпы жиналысының 2024 жылғы 16 қазандағы № 2 хаттамасымен бекітілген жұмыс беруші мен Кәсіпорын жұмыскерлері арасындағы ұжымдық шартқа сәйкес әлеуметтік-еңбек қатынастары және оларды іске асырудың бірлескен іс-әрекеттері реттеледі.

Жұмысқа қабылдау Қазақстан Республикасының Еңбек кодексіне сәйкес жүзеге асырылады. Кадр қызметі жұмысқа қабылдау кезінде жеке іс қалыптастырылады, оған Қазақстан Республикасы Еңбек кодексінің 32-бабына сәйкес өмірбаяндық және әлеуметтік сипаттағы, еңбек қызметі, арнайы тексеру деректері және басқа да мәліметтер қоса тіркеледі. Жұмыскерлер сыбайлас жемқорлыққа қарсы заңнаманы сақтау мәселелеріне қатысты кәсіпорынның ішкі регламенттеріне, саясатына және басқа да құжаттарына қол қояды.

Талданған кезеңде кадр бағыты бойынша немесе біреудің өтініші бойынша сыртқы тексерулер жүргізілмеді.

Кәсіпорынның ұйымдық құрылымына сәйкес Қаржылық және кадрлық есеп секторы өз қызметін қолданыстағы заңнаманың талаптарын, сондай-ақ кәсіпорынның ішкі нормативтік құжаттарын басшылыққа ала отырып жүзеге асыратын Кәсіпорынның Әкімшілік-қаржы департаментінің құрылымдық бөлімшесі.

Кәсіпорында келесі комиссиялар жұмыс істейді:



- *Тәртіптік комиссия* теріс қылық жасау мән-жайларын жан-жақты, толық және объективті анықтау, тәртіптік жаза қолдану және бірыңғай тәртіптік практиканы қалыптастыру үшін тұрақты жұмыс істейтін алқалы, консультативтік-кеңесші орган ретінде құрылды (комиссия туралы ереже кәсіпорын басшысының 2022 жылғы 23 желтоқсандағы №02-02-17/114 бұйрықпен, комиссия құрамы 2024 жылғы 24 қыркүйектегі №12-02-18/124 бұйрықпен бекітілген);

- *Аттестаттау комиссиясы* жұмыскердің атқаратын лауазымына сәйкестігін айқындау; жұмыскердің әлеуетті қабілеттері мен мүмкіндіктерін пайдалану перспективасын айқындау; жұмыскелердің тұрақты құзыретінің өсуін ынталандыру; ұсынуға кадрлар резервін құру; жұмыскерлердің біліктілігін арттыру қажеттілігін айқындау; кадрларды ауыстыру, жұмыскерді лауазымнан босату, сондай-ақ біліктілікке сәйкес келетін жұмысқа ауыстыру туралы ұсыныстар мен ұсынымдар енгізу мақсатында құрылды жұмыс (комиссия туралы ереже Кәсіпорын басшысының 2024 жылғы 17 қазандағы №12-02-18/136 бұйрығымен, комиссияның құрамы аттестаттау өткізу сәтінде бекітіледі);

- *Келісім комиссиясы* жұмыс беруші мен жұмыскерлер арасында туындайтын жеке еңбек дауларын қарау мақсатында тұрақты жұмыс істейтін орган ретінде құрылды (комиссия туралы ереже Кәсіпорын жұмыскерлерінің жалпы жиналысының 2024 жылғы 16 қазандағы № 2 хаттамасы бойынша қабылданды, комиссия құрамы 2023 жылғы 17 қазандағы № 02-02-17/193 бұйрықпен бекітілді).

Талдау барысында кәсіпорынның кадрлық есебі мен іс қағаздарын жүргізуді ұйымдастыру зерттелді.

2025 жылғы 1 мамырдағы жағдай бойынша Кәсіпорынның штат саны 280 бірлік. ӘБП жұмыскерлерінің саны - 38 бірлік (14%), өндірістік персонал – 242 бірлік (86%).

Талданатын кезеңде Кәсіпорын ҚР Еңбек кодексінің 49-бабы 5-тармағына сәйкес «жұмыскерлердің бастамасы бойынша еңбек шартын бұзу» 34 жұмыскерді өз қалауы бойынша жұмыстан шығарылды. Сондай-ақ осы кезеңде 35 жұмыскер жұмысқа қабылданды.

Барлық Департаменттерде сыбайлас жемқорлыққа қарсы заңнаманы сақтау жөніндегі нормалар көрсетілген өзекті ережелер мен лауазымдық нұсқаулықтар бар. Жұмыскерлердің еңбек шарттарында сондай-ақ жұмыскерлердің еңбек міндеттерін орындауға байланысты өзіне белгілі болған мемлекеттік құпияларды, қызметтік, коммерциялық немесе заңмен қорғалатын өзге де құпияны құрайтын мәліметтерді жария етпеуі туралы талап жазылған. Департаменттердің барлық жұмыскерлері осы құжаттармен танысты. Біліктілік талаптары жұмыскерлердің лауазымдық нұсқаулықтарында да жазылған.

Талданып отырған кезеңде 5 (бес) қызметкер тәртіптік жауапкершілікке тартылды:

- Әкімшілік-қаржы департаментінің Қаржылық және кадрлық есепке алу секторының кадрлар жөніндегі менеджері ██████████ 2024 жылғы 4 маусымдағы №12-02-19/95 «ескерту» түріндегі тәртіптік жаза қолдану туралы бұйрық.



- Бейнемониторинг және ден қою департаменті директорының орынбасары [REDACTED] «сөгіс» түріндегі тәртіптік жаза қолдану туралы 2024 жылғы 23 шілдедегі №12-02-19/126 бұйрық.

- Техникалық қамтамасыз ету департаментінің директоры [REDACTED] «ескерту» түріндегі тәртіптік жаза қолдану туралы б2024 жылғы 22 тамыздағы №12-02-19/141 бұйрық

- «Зияткерлік байланыс орталығы 109» департаментінің операторы [REDACTED] «катаң сөгіс» түрінде тәртіптік жаза қолдану туралы 2024 жылғы 15 қарашадағы №12-02-19/190 бұйрық.

- «Зияткерлік байланыс орталығы 109» департаментінің директоры [REDACTED] «сөгіс» түрінде тәртіптік жаза қолдану туралы 2025 жылғы 17 ақпандағы №12-02-19/30 ДЗ бұйрық.

Теріс себептер бойынша, сыбайлас жемқорлық құқық бұзушылықтар, тәртіптік теріс қылықтар жасағаны үшін жұмыстан босату фактілері анықталған жоқ.

Сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл және оның алдын алу саласындағы заңнаманың нормалары мен ережелерін одан әрі сақтау мақсатында, адам квазимемлекеттік сектор субъектісіне жұмысқа түскен кезде адамның сыбайлас жемқорлық қылмыс жасағаны туралы, адамның сотталмағандығы туралы мәліметтерді талап етуді жалғастыру, сондай-ақ лауазымды тұлғалар мен жұмыскерлерге «Сыбайлас жемқорлыққа қарсы шектеулерді қабылдау туралы келісімге» және кәсіпорынға қарсы іс-қимыл саясатының нормаларын сақтау туралы «Растауға» қол қоюды міндеттеу ұсынылады.

### **3-тапсырма. Мүдделер қақтығысына байланысты сыбайлас жемқорлық тәуекелдерін анықтау.**

Мүдделер қақтығысының алдын алу және шешу сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл жүйесіндегі шаралардың бірі.

Кәсіпорынның жұмыскерлері «Сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл туралы» Қазақстан Республикасының Заңына сәйкес Кәсіпорын басшылығына және (немесе) құқық қорғау органдарына сыбайлас жемқорлық құқық бұзушылықтардың белгілі болған жағдайлары туралы дереу хабарлауға, сондай-ақ мүдделер қақтығысын болғызбау және реттеу жөнінде шаралар қабылдауға, туындаған мүдделер қақтығысы туралы немесе оның туындау мүмкіндігі туралы тікелей басшыны ол туралы белгілі болған бойда жазбаша нысанда хабардар етуге міндетті.

Кәсіпорында 2025 жылғы 1 мамырдағы жағдай бойынша штат кестесі бойынша 280 жеке тұлға қызметін жүзеге асырады, олардың арасында аттастары табылды, бірақ өзара туыстық байланысы жоқ.

Сонымен қатар Кәсіпорын персоналының арасындағы ішкі талдау келесі жұмыскерлер арасындағы туыстық қатынастарды зерттеді:

1. [REDACTED]



2.

3.

4.

5.

6.

7.

8.

Сонымен қатар талдаумен аталған адамдар сыбайлас жемқорлық тәуекелдерінің туындауының болмауын көздейтін «Сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл туралы» ҚР Заңының 1-бабында көзделген тұлғалар санатына жатпайды, осыған байланысты мүдделер қақтығысы болмайтыны, сондай-ақ аталған тұлғалар бір-біріне тікелей бағынбайтыны атап өтіледі. Кәсіпорынның басшы құрамы арасында жақын туыстарының, жұбайлары мен жекжаттарының бірлескен қызметі (жұмысы) фактілері анықталмаған. Мүдделер қақтығысының туындау мәселесі кәсіпорын басшылығының қатаң бақылауында екендігі атап өтілді. Персоналды басқарумен байланысты сыбайлас жемқорлық тәуекелдері туралы ақпарат түскен жоқ.

Қаралып отырған кезеңде кәсіпорын қызметінің бағыттары бойынша рәсімдерді ұйымдастырудың белгіленген тәртібі мен қағидаларын бұза отырып, сыбайлас жемқорлық сипатындағы жол берілетін бұзушылықтар және шешім қабылдау фактілері бойынша жеке және заңды тұлғалардан өтініштер түскен жоқ.

Мүдделер қақтығысына байланысты сыбайлас жемқорлық тәуекелдері анықталған жоқ.



**4-тапсырма. Мемлекеттік қызмет көрсетумен байланысты сыбайлас жемқорлық тәуекелдерін анықтау.**

Кәсіпорын мемлекеттік қызметті көрсетпейді.

**5-тапсырма. Рұқсат беру функцияларын іске асыруға байланысты сыбайлас жемқорлық тәуекелдерін анықтау.**

Кәсіпорын рұқсат беру функцияларын жүзеге асырмайды.

**6-тапсырма. Бақылау-тексеру функцияларын іске асырумен байланысты сыбайлас жемқорлық тәуекелдерін анықтау.**

Кәсіпорын бақылау-тексеру функцияларын жүзеге асырмайды.

**7-тапсырма. Бюджет және қаржы қаражатын игеруге және бөлуге байланысты сыбайлас жемқорлық тәуекелдерін анықтау.**

Талдау көрсеткендей, ішкі бюджеттік рәсімдер мен процестер, сондай-ақ бюджетті қалыптастыру және оны орындау кәсіпорынның даму жоспарына сәйкес жүзеге асырылады. Өз кезегінде, аталған Жоспар Қазақстан Республикасы Ұлттық экономика министрінің 2019 жылғы 14 ақпандағы № 14 бұйрығымен бекітілген мемлекет бақылайтын акционерлік қоғамдар мен жауапкершілігі шектеулі серіктестіктердің, мемлекеттік кәсіпорындардың даму жоспарларын әзірлеу, бекіту, олардың іске асырылуын мониторингтеу және бағалау, сондай-ақ олардың орындалуы бойынша есептерді әзірлеу және ұсыну қағидаларына сәйкес қалыптастырылады және бекітіледі.

Бюджетті жоспарлау келіп түскен коммерциялық ұсыныстарды талдау, бағаларды алдыңғы жылдардағы деректермен салыстыру негізінде, сондай-ақ жасалған шарттарды ескере отырып жүзеге асырылады. Даму жоспарын қалыптастыру кезінде тауарлардың нақты қалдықтары, сондай-ақ олардың өндірістік және экономикалық қажеттілігі ескеріледі.

Кәсіпорын жергілікті бюджеттен қаржыландырылды, қаржыландыру сомасы 2024 жылы 2 095 027 мың теңгені құрады, игеру 100%.

Кәсіпорынның қызметі даму жоспарына сәйкес өз табысы және Қазақстан Республикасының бюджет заңнамасында айқындалған тәртіппен алынған бюджет қаражаты есебінен қаржыландырылады.

2024 жылғы бюджет 2 095 027 мың теңге.

Салықтарды және бюджетке төленетін басқа да міндетті төлемдерді төлеу (жанама салықтарды қоспағанда) 2024 жылы 191 963 мың теңгені құрады.

Ұйымның мақсаты – халықтың мемлекеттік органдармен, коммуналдық кәсіпорындармен және ұйымдармен тыныс-тіршілігі, тіршілікті қамтамасыз ету және қауіпсіздік мәселелері бойынша өзара іс-қимылын ұйымдастыру, оның ішінде өтініштерді қабылдау және өңдеу. Соңғы көрсеткіш – 1 қызмет. 2024 жылдың қорытындысы бойынша бұл көрсеткішке қол жеткізілді.

2024 жылы ЕАҚ 1 466 925 мың теңгені құрады. 2025 жылғы 1 мамырдағы жағдай бойынша жұмыскерлердің штат саны 280 бірлік.

2024 жылы активтердің теңгерімдік құны 380 253 мың теңген.



2024 жылы кіріс 1 931 267 мың теңгені, ал шығыс 1 909 700 мың теңгені құрады. Таза пайда 25 186 мың теңгені құрады, жоспар бойынша 6 906 мың теңге.

Осылайша Кәсіпорынның қаржылық-шаруашылық қызметін қаржыландыру көздерін бағалау және кірістерді талдау арқылы Кәсіпорынның 2024 жылғы кірістер құрылымындағы ең үлкен үлесті басқару органдарымен жасалған шарттар бойынша халықтың тіршілік әрекеті мен қауіпсіздігін қамтамасыз ету мәселелері бойынша мемлекеттік органдармен, коммуналдық кәсіпорындармен және ұйымдармен халықтың өзара іс-қимылын ұйымдастыру бойынша қызметтер көрсетуден түсетін кірістер алатындығы анықталды.

Бюджет қаражатын игеру және бөлу кезінде сыбайлас жемқорлық тәуекелдері анықталған жоқ.

### **8-тапсырма. Салықтар мен өзге де төлемдерді жинауға байланысты сыбайлас жемқорлық тәуекелдерін анықтау.**

Кәсіпорын салықтар мен өзге де төлемдерді жинау бойынша функцияларды іске асырмайды.

### **9-тапсырма. Жеке және заңды тұлғалармен шарттар жасасуға байланысты сыбайлас жемқорлық тәуекелдерін анықтау.**

Кәсіпорын мемлекеттік сатып алуды «Мемлекеттік сатып алу туралы» Қазақстан Республикасының Заңында көзделген бекітілген жоспарға сәйкес веб-портал арқылы жүргізеді.

Мемлекеттік сатып алуды өткізу кезінде баға ұсыныстарын сұрау, конкурс, алдын ала біліктілік іріктеумен конкурс, электрондық дүкен сияқты бәсекелестік тәсілдер қолданылды.

Өнім берушілер жасалған мемлекеттік сатып алу шарттары бойынша шарттық міндеттемелерді бұзған жағдайларда Кәсіпорын уактылы (заңнамада белгіленген мерзімде) өнім берушіні мемлекеттік сатып алуға жосықсыз қатысушы деп тану және тұрақсыздық айыбын өндіріп алу туралы сотқа жүгінеді.

Кәсіпорынның ұйымдық құрылымына сәйкес мемлекеттік сатып алу функцияларын және жеке және заңды тұлғалармен шарттар жасасуды қолданыстағы заңнаманың талаптарын, сондай-ақ Кәсіпорынның ішкі нормативтік құжаттарын басшылыққа ала отырып, өз қызметін жүзеге асыратын кәсіпорынның заң қызметі және Мемлекеттік сатып алу секторы жүзеге асырады.

Талдау барысында тауарларды, жұмыстар мен қызметтерді мемлекеттік сатып алу бойынша жұмыстарды ұйымдастыру, сондай-ақ Кәсіпорынның мемлекеттік сатып алуды өткізу тауарлары мен қызметтерінің нарықтық құнының өткізілу тәсілдері мен сәйкестігі зерттелді.

Мемлекеттік сатып алу жоспарын мемлекеттік сатып алу порталында уактылы орналастыру мәселелері бойынша ескертулер жоқ. Мемлекеттік сатып алудың жылдық жоспары порталда 2024 жылғы 24 желтоқсанда № 12-02-18/167 бұйрығына сәйкес белгіленген мерзімде орналастырылады.

Талданатын кезеңде камералдық бақылау нәтижелері бойынша мемлекеттік аудит органдары тарапынан конкурстық құжаттаманың ҚР Қаржы



министрінің 2024 жылғы 9 қазандағы №687 бұйрығымен бекітілген Мемлекеттік сатып алуды жүзеге асыру қағидаларының 72-тармағына сәйкес келмеуі себебінен бір сатып алу (аудиторлық қызмет) жойылды. Сонымен қатар аталған ескерту жойылып, уәкілетті орган бекіткен мерзімге сәйкес келтірілді.

Орташа нарықтық көрсеткіштерден тауарлық-материалдық құндылықтардың аффилиирлену және құнының асып кету фактілері анықталған жоқ.

2023 жылғы 9 қарашада Кәсіпорын басшысының № 02-02-17/213 бұйрығымен ол тауарлар мен қызметтерді сатып алуға техникалық ерекшелікті қалыптастыру кезінде мәліметтердің толықтығы мен дұрыстығын қамтамасыз ету жөніндегі талаптарды, сондай-ақ өтінімдерді беру алгоритмі мен тәртібін, орындаушылардың мерзімдері мен жауапкершілігін регламенттейтін «Кәсіпорынды мемлекеттік сатып алуды жүзеге асыру регламенті» бекітілді.

Шарттық міндеттемелердің орындалуын талдау, шарттардың орындалуын қамтамасыз ету сомасын уақтылы енгізу (банк кепілдігі) сайттың деректеріне сәйкес жүргізіледі [www.goszakup.gov.kz](http://www.goszakup.gov.kz) және Кәсіпорынның қолда бар құжаттарына сәйкес.

Мәселен, 2024 жылғы 1 маусымнан бастап 2025 жылғы 1 мамырға дейін ҚҚС есебімен 365 478,9 мың теңге сомасына 82 шарт жасалды, оның ішінде:

- ашық конкурс тәсілімен 20 шарт жасалды (деректердің жоғалуын болдырмау үшін бағдарламалық қамтылымды сатып алу және орналастыру қызметтері, жаңа жылдық сыйлықтар беру бойынша қызметтер, сервер, Telegram чат-бот қолданбалы бағдарламалық қамтамасыз етуді сүйемелдеу қызметтері, Зияткерлік байланыс орталығы «109» АЖ SMS хабарландыру қызметтері, VPN байланыс қызметтері, E1 (109) байланыс қызметтері, қалааралық келіссөздер, байланыс қызметтері SIP транк, әмбебап нөмір, сервер үшін қатты диск арқылы байланыс қызметтерін ұсыну, Интернет желісіне қол жеткізу қызметі, VPN байланыс қызметтері, VMware vSphere Standard бағдарламалық қамтылымын пайдалануға лицензия беру қызметтері, резервтік бағдарламалық қамтылымды (Veeam) пайдалану құқығына лицензия беру қызметтері, қаржылық есептілік аудитін жүргізу жөніндегі қызметтер, iКОМЕК 109 мобильді қосымшасының қолданбалы бағдарламалық жасақтамасын сүйемелдеу қызметтері) – 154 763,7 мың теңге;

- конкурстың екінші кезеңі негіздемелік келісімді пайдалана отырып 5 шарт жасалды (интернет желісіне қол жеткізу қызметтері, E 1 (109) байланыс қызметтері, қалааралық келіссөздер қызметтері, SIP транк байланыс қызметшісінде, әмбебап нөмір арқылы байланыс қызметтері) – 31 788,6 мың теңге;

- баға ұсыныстарын сұрату арқылы 20 шарт жасалды (кеңсе, шаруашылық тауарлар, антивирустық және спамға қарсы қорғау қызметтері, сүйемелдеу 1 С Бухгалтерлік есеп, пластикалық куверка, кондиционерлерді жөндеу және қызмет көрсету қызметтері, картридждерді толтыру және қалпына келтіру қызметтері, курьерлік пошта байланысы, ауыз су сүзгісіне арналған картридждер мен мембраналарды ауыстыру қызметтері, кеңсе креслоларына арналған газ көтергіш, дөңгелек (креслоларға арналған пластик), кеңсе



креслоларына арналған Топ Ган механизмі, кеңсе креслоларына арналған газ көтергіш, дөңгелек (креслоларға арналған пластик), ақпараттық құқықтық жүйеге қол жеткізу, «2025 жылға арналған өзгерістерді ескере отырып, Мемлекеттік сатып алу» тақырыбындағы семинарға қатысу - 2 жұмыскер, келісім комиссиясының мүшелері үшін Қазақстан Республикасы Еңбек заңнамасының нормалары мен өзгерістерін оқыту - 6 жұмыскер, жұмыс берушінің еңбек міндеттерін орындау кезінде оның өмірі мен денсаулығына зиян келтіргені үшін жауапкершілігін міндетті сақтандыру, негізгі құралдарды шығару және кәдеге жарату қызметтері, бөтелкедегі су 19 литр, азаматтық газқағар ГП-7, жиынтығында сүзгі-сіңіргіш қораппен) - 12 549,4 мың теңге;

- өткізілмеген сатып алулар бойынша бір көзден 11 шарт жасалды (ұялы байланыс қызметтері, ақпараттық бухгалтерлік жүйеге қолжетімділікті ұсыну жөніндегі қызметтер, домендік атауды ұсыну және пайдалануды ұзарту жөніндегі қызметтер, «Бірыңғай кадр жүйесі» ақпараттық жүйесіне қол жеткізуді ұсыну және сүйемелдеу жөніндегі қызметтер, электрондық құжат айналымының ақпараттық жүйесінің сервисін ұсыну жөніндегі қызметтер, техникалық ерекшелікке сәйкес такси қызметтері, «iКОМЕК 109»мобильді қосымшасының қолданбалы бағдарламалық қамтамасыз етуін сүйемелдеу қызметтері) – 9 089,2 мың теңге;

- бір көзден тікелей жасасу арқылы 6 шарт жасалды (үй-жайды жалға алу, МО БКО портын ұсыну бойынша қызметтер, [ori.dfo.kz](http://ori.dfo.kz) веб-порталында «Электрондық есептер» ақпараттық сервисіне қолжетімділікті ұсыну бойынша қызметтер, мемлекеттік сатып алу веб-порталын пайдалану (қол жеткізу) жөніндегі қызмет, электрондық құжат айналымының ақпараттық жүйесінің сервисін ұсыну жөніндегі қызмет) – 153 706,2 мың теңге;

электронды дүкен әдісімен 20 шарт жасалды (кеңсе тауарлары, шаруашылық тауарлар, жиынтықтауыштар) – 3 581,7 мың теңге.

Сондай-ақ 2024 жылғы 1 маусымнан 2025 жылғы 1 мамырға дейін 2 өнім беруші шартының орындалуын қамтамасыз етуді енгізбегені үшін жосықсыз қатысушылар тізіліміне енгізілгені анықталды:

- ██████████ 1948,87 мың теңге сомасына жаңа жылдық сыйлықтар беру бойынша қызметтерге;

- ██████████ 222,9 мың теңге сомасына кондиционерлерге қызмет көрсету бойынша қызметтер.

Орындалмады немесе жасалған шарттар бойынша өз міндеттемелерін тиісінше орындамады – 492,20 мың теңге сомаға пернетақтаны сатып алу бойынша өнім беруші ██████████

2024-2025 жылдары Кәсіпорын тауарларды, жұмыстарды және көрсетілетін қызметтерді өнім берушілерден тауарды, жұмыстар мен көрсетілетін қызметтерді уақтылы жеткізбегені үшін 9 852,8 мың теңге сомасында тұрақсыздық айыбы, өсімпұл сомасын ұстады.

Шарттарды талдау нәтижесінде кәсіпорын тарапынан міндеттемелерді орындау бөлігінде бұзушылықтар анықталған жоқ.



**10-тапсырма. Ақпараттық жүйелерді әзірлеуге және пайдалануға байланысты сыбайлас жемқорлық тәуекелдерін анықтау.**

Кәсіпорын ақпараттық жүйелерді әзірлеу және пайдалану жөніндегі функцияларды іске асырмайды.

Сонымен қатар Кәсіпорынның негізгі қызметін іске асыру процесінде пайдаланылатын ақпараттық жүйелерді сатып алу және пайдалану мемлекеттік сатып алу саласындағы заңнама аясында жүзеге асырылады.

Ақпараттық жүйелер мен цифрлық инфрақұрылым компоненттерінің үздіксіз жұмыс істеуін қамтамасыз ету мақсатында Кәсіпорын келесі құралдар мен технологияларды пайдаланады:

- Cisco желілік жабдықтары мен шешімдері (басқару және қауіпсіздік жүйелерін қоса алғанда);
- VMware серверлік платформалары;
- Veeam сақтық көшірме жүйелері;
- Microsoft (Windows Server, Active Directory, Microsoft 365, Exchange) бағдарламалық жасақтамасы;
- Ақпараттық қауіпсіздік саласындағы шешімдер - антивирустық пакеттер (ESET), желіаралық экран (FortiGate-100F), DLP жүйелері;
- Кәсіпорындағы АТ қызметтерін басқару процестерін автоматтандыруға арналған HP Service Manager (HPSM) бағдарламалық қамтылым өтініштерді орталықтандырылған тіркеу мен өңдеуді, өтінімдердің орындалуын бақылауды, SLA мерзімдерін сақтауды және АТ бөлімшелерінің жұмысындағы ашықтықты арттыруды қамтамасыз етеді;
- Цифрлық арналар мен интеграциялық платформалар – Telegram боттары, мобильді қосымша (iKOMEK 109).

**11-тапсырма. Ұйымдастырушылық-басқарушылық қызметтен туындайтын өзге де мәселелерді іске асыруға байланысты сыбайлас жемқорлық тәуекелдерін анықтау.**

«Бухгалтерлік есеп және қаржылық есептілік туралы» Қазақстан Республикасының 2007 жылғы 28 ақпандағы №234 Заңына, қаржылық есептіліктің халықаралық стандарттарына (ХКЕС) сәйкес бухгалтерлік есеп Қазақстан Республикасының бухгалтерлік есеп және қаржылық есептілік туралы заңнамасымен, сондай-ақ есеп саясатымен регламенттелген дара кәсіпкерлер мен ұйымдардың операциялары мен оқиғалары туралы ақпаратты жинаудың, тіркеудің және жинақтаудың реттелген жүйесін білдіреді.

Кәсіпорынның 2023 жылғы 9 қарашадағы №02-02-17/2013 бұйрығымен бекітілген есеп саясаты Қазақстан Республикасының бухгалтерлік есеп және қаржылық есептілік туралы заңнамасының талаптарына, халықаралық қаржылық есептілік стандарттарына және бухгалтерлік есеп шоттарының үлгілік жоспарына сәйкес бухгалтерлік есепті жүргізу және қаржылық есептілікті жасау үшін қабылданған нақты қағидаттарды, негіздерді, ережелерді, қағидалар мен практиканы білдіреді.

Бухгалтерлік есеп автоматтандырылған, есеп 1С:Бухгалтерия, 8.3



нұсқадағы бағдарламада жүргізіледі. Бухгалтерлік есепті жүргізуге уәкілетті тұлға, кәсіпорын басшысына есеп беретін бас бухгалтер. Кәсіпорынның бас бухгалтері мен аға бухгалтерінде аккредиттелген 2018 жылғы 24 қазандағы №Ast-002102 және тиісінше 2021 жылғы 2 қыркүйектегі №000813 кәсіби ұйымдар берген Кәсіби бухгалтердің сертификаттарына ие. Бухгалтерлік есеп бөлімі жұмыскерлерінің лауазымдық міндеттері лауазымдық нұсқаулықтармен және жеке еңбек шарттарымен реттеледі.

Жыл сайын Қазақстан Республикасының қолданыстағы заңнамасына сәйкес тәуелсіз аудиторлық ұйымдар кәсіпорынның қаржы-шаруашылық қызметіне аудит жүргізеді. Осылайша «BR-Audit» ЖШС 2024 жылғы қаржылық есептіліктің тәуелсіз аудитті жүргізді, №03-10-С-1 аудиторлық қорытынды 2025 жылғы 26 наурыздан. Аудиторлық қорытындыға сәйкес Кәсіпорынның қаржылық есептілігін дайындауға және ұсынуға қатысты ескертулер анықталған жоқ.

Бухгалтерлік есеп бөлімі Кәсіпорынның құрылымдық бөлімшесі. Бухгалтерлік есеп бөлімі 1 бас бухгалтерден, 1 аға бухгалтерден және 2 бухгалтерден тұрады, барлығы 4 бірлік.

Кәсіпорынның бухгалтерлік есебі келесі нормативтік құжаттарға сәйкес жүргізіледі:

– «Бухгалтерлік есеп және қаржылық есептілік туралы» 2007 жылғы 28 ақпандағы № 234-III Қазақстан Республикасының Заңы;

– Халықаралық қаржылық есептілік стандарты (ХҚЕС);

– ҚР Қаржы министрінің 2007 жылғы 22 маусымдағы № 185 бұйрығымен бекітілген бухгалтерлік есеп шоттарының үлгілік жоспары;

– ҚР Қаржы министрінің 2015 жылғы 31 наурыздағы №241 бұйрығымен бекітілген бухгалтерлік есеп жүргізу қағидалары;

– Есеп саясаты;

– Салық саясаты;

– Кәсіпорын шоттарының жұмыс жоспары.

Талдау нәтижесінде бүгінгі күні салықтық есеп саясаты бухгалтерлік және салықтық есеп саласындағы заңнаманың талаптарын ескере отырып өзектендірілмегені анықталды. Бұл ретте жаңа салықтық есепке алу саясатын әзірлеу мақсатында Кәсіпорын 2024 және 2025 жылдары мемлекеттік сатып алу порталында конкурс («Салықтық есепке алу саясатын әзірлеу және жасау жөніндегі қызметтер») жариялағаны атап өтілді. Алайда біліктілік талаптарына сәйкес келмеуіне байланысты өнім берушілердің өтінімдері қабылданбады.

Сонымен қатар Кәсіпорынның бухгалтерлік есебін дұрыс жүргізбеу қаупін болдырмау үшін Кәсіпорынның салықтық есеп саясатын өзектендіру ұсынылады.

Кәсіпорын қызметінің бір түрі бейнебақылау камералары жүйесі арқылы Астана қаласындағы тіршілікті қамтамасыз ету, қауіпсіздік және жол-көлік ахуалына мониторинг жүргізу, оның ішінде сақтау және мұрағаттау. Кәсіпорын құрылымында ережеге сәйкес бұл функция штаттық саны 28 бірлікті құрайтын Бейнебақылау және ден қою департаментіне жүктелген. Департамент өзінің



қызметінің аясында бейнебақылау камералары арқылы фото және бейне құқық бұзушылықтарды тіркейді, тұрғын үй - коммуналдық шаруашылық, жол-көлік жағдайы, қауіпсіздік және құқықтық тәртіп саласында тәулік бойы мониторинг жүргізеді, құқық қорғау органдарының ресми сұрауларын пысықтайды. Талдау көрсеткендей Департамент жұмыскерлері өздерінің функционалдық міндеттерін орындау кезінде Бейнебақылау жүйелерін пайдалана отырып, объектіге бақылау жүргізеді, фото және бейнематериалдарды талдайды, құқық қорғау органдарының, соттардың, құқық бұзушылық бойынша адвокаттардың сұрауларын алады және пысықтайды, байқау объектісінің күдікті жағдайлары мен әрекеттерін анықтайды. Осылайша Департамент жұмыскерлерінің қызметтік, дербес және құпия ақпаратқа тұрақты қолжетімділігін ескере отырып, сондай-ақ алынған ақпаратты жеке және пайдакүнемдік мақсаттарда пайдалануды болдырмау және ақпараттың ағып кетуін болдырмау мақсатында:

– Департамент жұмыскерлерінің кабинетте (жұмыс компьютерінде) болған кезде мобильді, тасымалды, жазғыш құрылғылар мен жинақтағыштарды пайдалануын шектеу жөніндегі регламентті (қағидаларды) әзірлеу және бекіту;

– Департамент жұмыскерлеріне бақылауды күшейту және ақпараттың ағып кетуін болдырмау үшін қосымша кабинетте периметрі бойынша кемінде екі бейнекамера орнату;

– жұмыскерлердің жұмыс компьютерлерінде әлеуметтік желілерге, пошталарға және басқа серверлерге қол жетімділікті, сондай-ақ usb слоттарының жұмыс істеуі мен қолданылуын тексеру ұсынылады.

## **12-тапсырма. Сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл жөніндегі жұмысты ұйымдастыруға байланысты сыбайлас жемқорлық тәуекелдерін анықтау.**

«Сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл туралы» Қазақстан Республикасының Заңына, Қазақстан Республикасы Сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл агенттігінің төрағасы 2023 жылғы 31 наурыздағы №12 бекіткен Квазимемлекеттік сектор субъектілеріндегі сыбайлас жемқорлыққа қарсы комплаенс-қызмет туралы үлгілік ережеге, сондай-ақ Кәсіпорынның сыбайлас жемқорлыққа қарсы комплаенс-қызметі туралы ішкі ережеге сәйкес сыбайлас жемқорлыққа қарсы қызмет жөніндегі функциялар мен өкілеттіктер комплаенс-офицерге жүктелді.

Кәсіпорындағы сыбайлас жемқорлыққа қарсы қызметтің тиімділігі келесідей қамтамасыз етіледі:

1) Сыбайлас жемқорлыққа қарсы қызметке қатысты кәсіпорынның ішкі нормативтік құжаттары тұрақты негізде өзектендіріледі.

2) Кәсіпорын жұмыскерлері арасында әдеп және қызметтік мінез-құлық нормаларын сақтау, сондай-ақ сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл мақсатында белгіленген, оның ішінде қызметкерлердің сыйлықтар алуына қатысты тыйымдарды, шектеулер мен талаптарды сақтау, сыбайлас жемқорлық құқық бұзушылықтардың бар немесе ниет білдірген фактілері туралы хабардар



ету міндеттері бойынша түсіндіру және оқыту іс-шаралары жүйелі негізде жүргізіледі.

3) Комплаенс-офицерді сыбайлас жемқорлық құқық бұзушылықтар жасаудың белгілі фактілері туралы хабардар ету үшін Кәсіпорын қызметкерлерінің байланыс арнасының жұмыс істеуі мақсатында деректер қамтамасыз етіледі және жаңартылады. Талданған кезеңде қоңыраулар мен хабарламалар түскен жоқ.

4) «№4 үлгілік базалық бағыт» жобаларын орындау мақсатында уәкілетті органдарға есептерді ұсыну жүйелі негізде қамтамасыз етіледі.

5) Кәсіпорын сайтында сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл жөніндегі барлық сыбайлас жемқорлыққа қарсы құжаттама орналастырылатын «Сыбайлас жемқорлыққа қарсы комплаенс» бөлімі бар. Сайттың осы бөлімі үнемі жаңартылып, сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл мәселелеріне қатысты маңызды ақпаратпен толықтырылады.

6) Кадр қызметі жұмысқа қабылдау кезінде жұмыскерлерден жасалған сыбайлас жемқорлық құқық бұзушылықтар туралы мәліметтерді талап ету бойынша тұрақты негізде жұмыс жүргізеді, сондай-ақ барлық жұмыскерлерді сыбайлас жемқорлыққа қарсы заңнаманы және сыбайлас жемқорлыққа қарсы шектеулерді сақтау туралы міндеттемені таныстыруға және оған қол қоюға міндеттейді.

7) Талдау үшін қамтылатын кезеңде:

- кәсіпорын қызметкерлерінің, оның ішінде әкімшілік және қылмыстық құқық бұзушылық фактілері анықталған жоқ;

- жақын туыстарының, жұбайлары мен жекжаттарының бірлескен қызмет (жұмыс) фактілері анықталған жоқ;

- мүліктік және мүліктік емес игіліктер мен артықшылықтарды алу немесе алу мақсатында ресми таратуға жатпайтын қызметтік және өзге де ақпаратты пайдалану фактілері анықталған жоқ;

- егер мұндай іс-әрекеттер қызметтік өкілеттікке кіретін болса, оларды ұсынған адамдардың пайдасына материалдық сыйақы, сыйлықтар немесе іс-әрекеттер (әрекетсіздік) үшін көрсетілетін қызметтерді қабылдау фактілері анықталмаған;

- Қазақстан Республикасынан тыс жерлерде орналасқан шетелдік банктерде шоттарды (салымдарды) ашу, иелену, қолма-қол ақша мен құндылықтарды сақтау фактілері анықталған жоқ.

Осылайша сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл жөніндегі жұмысты ұйымдастырумен байланысты сыбайлас жемқорлық тәуекелдері анықталған жоқ.

**13-тапсырма. Қызметтің ашықтығы мен жариялылығын қамтамасыз етуге байланысты сыбайлас жемқорлық тәуекелдерін анықтау.**

Кәсіпорын өз қызметінде тұрақты және ашық түрде халықпен өзара іс-қимыл жасайды, өзін қаланың тіршілігін қамтамасыз ету мәселелері бойынша бірыңғай байланыс орталығы ретінде көрсете отырып, өз кезегінде тұрғындардың 80%-дан астамын операциялық деңгейде қашықтықтан шешеді.



Бүгінгі таңда тұрғындардан түсетін өтініштерінің 82%-ы бірінші қоңыраудан жабылады. Тұрғындарға барынша ыңғайлы болу үшін «Омникалды цифрлық арналар» әзірленді, яғни өтініш беруші арызын ұсынып қана қоймай, сонымен қатар оның орындалу мәртебесін бақылау үшін әртүрлі тәсілдерді қолдануы. «Омникалды цифрлық арналар» негізінен клиенттерге қызмет көрсету үшін бизнес саласында қолданылады және алғаш рет тұрғындармен жұмыс істеу үшін мемлекеттік секторда қолданылды. Мәселен, бүгінде iКОМЕК109 бірыңғай байланыс орталығына өтініш берудің 7 тәсілі бар, өтініштердің 78%-ы колл-орталық арқылы, 22%-ы баламалы цифрлық сервистер арқылы келіп түседі:

1. 1-0-9 қысқа нөміріне ұялы және қалалық нөмірлерден 24/7 тегін қоңырау шалу;
2. Telegram-бот;
3. Әкімдіктің [astana.gov.kz](http://astana.gov.kz) сайты;
4. iКОМЕК109 мобильді қосымшасы;
5. Facebook;
6. [109@ikomekastana.kz](mailto:109@ikomekastana.kz);
7. Instagram.

Қала басшылығына маңызды сыни оқиғалар мен ТЖ туралы хабарлау үшін iКОМЕК109 мобильді қосымшасы әзірленіп, онда жұмыстарды жүргізу бойынша қызметтердің қадамдық іс-қимылдарының қысқаша мазмұны көрсетіледі. Мобильді қосымша әкімдік қызметкерлерінің стационарлық жұмыс орнына байланыстырмай онлайн өтінішті орындауға мүмкіндік береді. Бүгінде 757-ден астам қызметкер азаматтардың өтініштерімен жұмыс істеу үшін iКОМЕК109 мобильді қосымшасын белсенді қолданады. Қаланың маңызды оқиғалары: апаттық жұмыстар, жоспарлы жұмыстар, мектептердегі сабақтарды тоқтату, жолдарды жабу /ашу және басқа да мәселелер бойынша туралы ақпарат алуға болатын iКОМЕК109 мобильді қосымшасы елорда тұрғындары үшін қол жетімді.

Кәсіпорын (iКОМЕК) құрылған сәттен бастап 3000-нан астам мәселе бойынша қызмет көрсету функциялары кеңейтілді, коммуналдық кәсіпорындардың, медициналық ұйымдардың және әкімдікті басқарудың барлық колл-орталықтары біріктірілді және қала тұрғындарымен байланыс орнатудың бірыңғай нүктесіне айналды.

iКОМЕК-тің кәсіби операторлары қаланың тіршілігін қамтамасыз етудің барлық мәселелері бойынша кеңес беріп, коммутациясыз жауап беру үшін барлық коммуналдық қызметтермен жұмыс істеу үшін әмбебап болуға үйретілген.

iКОМЕК орталығы:

- 2018 жылы – 1 037 мың өтініш;
- 2019 жылы – 1 670 мың өтініш;
- 2020 жылы – 2 197 мың өтініш;
- 2021 жылы – 2 490 мың өтініш;
- 2022 жылы – 2 274 мың өтініш;
- 2023 жылы – 2 262 мың өтініш;



- 2024 жылы – 2 326 мың өтініш;
- 2025 жылдың басынан – 882 мың өтініш қабылдады.

Бұл ретте барлық өтініштер өңделіп, тұрғындардың өтініштер тізіліміне енгізіліп, тіркеу нөмірі беріліп, мәселені белгіленген мерзімде шешу үшін мемлекеттік органдарға, коммуналдық қызметтерге берілетінін атап өткен жөн. Осындай өзара іс-қимыл Астана қаласы әкімдігінің 2024 жылғы 20 қарашадағы № 504-3571 қаулысымен бекітілген Тіршілікті қамтамасыз ету қызметтері басқармаларының регламентімен реттеледі.

Өтініштерді өңдеу нәтижелері бойынша өтініш берушілермен әр жағдайда кері байланыс жүзеге асырылады және әртүрлі нысандарда (СМС хабарлама, жауап қоңырауы, фото, әлеуметтік желідегі жеке параққа бейне есеп. т.б.) жауап беріледі.

Жоғарыда көрсетілген ақпарат Кәсіпорынның өз қызметін жүзеге асыру кезінде түбегейлі ашықтығын, айқындығын және жариялылығын көрсетеді.

Бұдан басқа жүргізіліп жатқан сыбайлас жемқорлыққа қарсы жұмысты жақсартуға мүмкіндік беретін тиімді кері байланыс жүйесін құру мақсатында Кәсіпорын:

- Бекітілген Кәсіпорын басшылығының халықты жеке қабылдау кестесі;
- электрондық жүйелер, әлеуметтік желілер, мобильді қосымшалар арқылы өтініштер қабылданау;
- БАҚ-пен өзара іс-қимыл бойынша тұрақты негізде жұмыс жүргізу;
- веб-сайттағы Кәсіпорын қызметі туралы ақпарат уақтылы жаңарту арқылы халықпен өзара іс-қимыл жасайды.

Осылайша қызметтің ашықтығы мен жариялылығын қамтамасыз етуге байланысты сыбайлас жемқорлық тәуекелдері анықталған жоқ.

### **ҰСЫНЫСТАР:**

1. Кәсіпорынның мүдделі құрылымдық бөлімшелері сыбайлас жемқорлық тәуекелдерін болдырмау мақсатында осы талдамалық анықтамада көрсетілген ақпарат пен ұсынымдарды жұмысқа қабылдасын.

2. Қаржылық және кадрлық есепке алу секторы жұмысқа орналастырылатын адамның (атқаратын лауазымына қарамастан) сыбайлас жемқорлық қылмыс жасағаны, сотталмағандығы туралы мәліметтер беру туралы, сондай-ақ Кәсіпорынның Сыбайлас жемқорлыққа қарсы саясатын және сыбайлас жемқорлыққа қарсы заңнаманы сақтау туралы міндеттемелерге қол қою жөніндегі талап бойынша жұмысты жалғастырсын.

3. Кәсіпорын жұмыскерлері арасында жүйелі негізде сыбайлас жемқорлықтың алдын алу бойынша оқыту және түсіндіру іс-шараларын жүргізу.

4. Салық және бухгалтерлік заңнама саласындағы өзекті өзгерістерді ескере отырып, салықтық есеп саясатын өзектендіру.

5. Бейнебақылау және ден қою департаменті жұмыскерлері кабинетте (жұмыс компьютерінде) болған кезде мобильді, тасымалды, жазғыш құрылғылар мен жинақтағыштарды пайдалануын шектеу жөніндегі регламентті (қағидаларды) әзірлеу және бекіту.



6. Департамент жұмыскерлеріне бақылауды күшейту және ақпараттың шығып кетуін болдырмау үшін Бейнебақылау және ден қою департаментінің кабинетінде периметр бойынша қосымша кемінде екі бейнекамера орнатылсын.

7. Бейнебақылау және ден қою департаменті жұмыскерлерінің жұмыс компьютерлерінде әлеуметтік желілерге, пошталарға және басқа серверлерге қолжетімділігін, сондай-ақ usb слоттарының жұмыс істеуі мен қолданылуына тексеру жүргізу.

8. Сыбайлас жемқорлық тәуекелдерін жою жөніндегі іс-шаралар жоспарын әзірлеу және келісу.

9. Сыбайлас жемқорлық тәуекелдерін анықтау мақсатында Кәсіпорын қызметіне жүйелі түрде сыбайлас жемқорлыққа қарсы мониторинг жүргізу.

10. Сыбайлас жемқорлық көріністерінің алғышарттарын уақтылы анықтау және оларға жол бермеу үшін кәсіпорынның құрылымдық бөлімшелерінде сыбайлас жемқорлық тәуекелдеріне ішкі талдау жүргізу жоспарлы негізде жүргізіледі.

**Жұмыс тобының жетекшісі  
Басшының орынбасары**



**А. Темешбеков**

Жұмыс тобының мүшелері:

Бас бухгалтер



Ж. Есдаулетова

Әкімшілік-қаржы департаментінің директоры



Б. Тлегенов

Комплаенс-офицер



Н. Абуев

**КЕЛІСІМ БОЙЫНША:**

Бейнемониторинг және әрекет ету  
департаментінің директоры



Б. Жұмадильдин